

**Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а.
2021 жылғы 18 наурыздағы № 69 бұйрығы**

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің [17-бабының 28-17\) тармақшаларына](#) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесін қалыптастыру [қағидалары](#) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қалдықтарды басқаруда мемлекеттік саясат департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркеуді](#);

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің м.а.**

Е. Нысанбаев

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің м.а.
2021 жылғы 18 наурыздағы
№ 69 [бұйрығымен](#)
бекітілген

**Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды
пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесін қалыптастыру
қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі - Экологиялық кодекс) [17-бабының 28-17\) тармақшаларына](#) сәйкес әзірленді және қалдықтарды

энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесін қалыптастыру тәртібін (бұдан әрі - Тізбе) айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аукциондық сауда-саттық - аукцион негізінде электрондық жүйеде аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы ұйымдастыратын және өткізетін және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектілерді орналастыру жоспарын ескере отырып, осы объектілерді, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілерді салу жөніндегі жобаларды іріктеуге және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясының аукциондық бағаларын айқындауға бағытталған процесс;

2) аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы - жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган айқындайтын, аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есептік-қаржы орталығы (бұдан әрі - есептік-қаржы орталығы) - жүйелік оператор құратын және жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган айқындайтын, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер өндірген және Қазақстан Республикасы бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің электр желілеріне берілген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алуды және сатуды жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату - органикалық қалдықтардан биогаз және өзге де отын алуды қоспағанда, қалдықтардың көлемін азайту және энергия алу, оның ішінде оларды қайталама және (немесе) энергетикалық ресурстар ретінде пайдалану мақсатында оларды термиялық өңдеу процесі;

5) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда - саттыққа қатысушы-аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушыда тіркеуден өткен және қатысушы мәртебесін алған тұлға;

6) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объект - қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуға арналған техникалық құрылғылар мен қондырғылардың және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату үшін технологиялық тұрғыдан қажетті, олармен өзара байланысты құрылыстар мен инфрақұрылымның жиынтығы;

7) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым - қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудан алынатын энергия өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

8) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, сондай-ақ оның аумақтық органдары.

3. Тізбе қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілерді салу жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге арналған.

2-тарау. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесін қалыптастыру тәртібі

4. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі технологияларды іріктеуді жүзеге асыру, энергетикалық кәдеге жарату объектілерін енгізу және аукциондық сауда - саттық өткізу үшін елді мекендер тобын айқындау үшін уәкілетті органның шешімімен

тізбені қалыптастыру мәселелері жөніндегі Комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады, ол төрағадан және оның мүшелерінен тұрады. Комиссия саны жеті мүшеден аспайтын мүшелердің тақ санынан құрылады.

Комиссияның құрамын уәкілетті орган айқындайды.

Комиссия құру туралы шешім уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

5. Комиссия құрылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Комиссия мүшелері ашық дауыс беру арқылы энергетикалық кәдеге жарату объектілерін енгізу үшін елді мекендер тобын айқындау туралы шешім қабылдайды. Дауыс беру нәтижелері Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады.

Энергетикалық кәдеге жарату объектілерін енгізу үшін елді мекендер тобын айқындау туралы комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды.

6. Уәкілетті орган Комиссияның тиісті хаттамасын қоса бере отырып, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықты өткізу үшін Комиссияның энергетикалық кәдеге жарату объектілерін енгізу үшін елді мекендер тобын айқындауы туралы ақпаратты аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушыға жібереді.

7. Уәкілетті орган қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу жөніндегі аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушыдан аукциондық сауда-саттықты өткізу туралы ақпаратты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында тізбені қалыптастыру үшін өтінімдерді қабылдау мерзімдерінің басталуы мен аяқталу күні туралы ақпаратты жариялайды.

8. Тізбе аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушыдан тіркеуден өткен қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың қатарынан қалыптастырылады.

Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу жөніндегі аукциондық сауда-саттыққа қатысушылар қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудан алынатын энергияны өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға мүдделі заңды тұлғалар және (немесе) консорциумдар және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудан алынатын энергияны өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлғалар болып табылады.

9. Уәкілетті органның қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу жөніндегі аукциондық сауда-саттыққа қатысушыларды тізбеге енгізуі олар осы Қағидалардың [10-тармағында](#) белгіленген талаптарға сәйкес келген және олар ұсынатын технологиялар уәкілетті орган бекітетін қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілерді пайдалануға қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда жүзеге асырылады.

10. Қатысушылар Тізбеге енгізу үшін қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда - саттыққа қатысушыларға (бұдан әрі - өтініш берушілер) қойылатын талаптар мыналар болып табылады:

1) өтінім берушінің немесе өтінім берушімен бірге мәлімделген консорциумға, әріптестікке қатысушылардың кез келгенінің құрылыс тәжірибесі кемінде 10 объектіні және энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілерді пайдалану тәжірибесінің кемінде 10 жылын құрауы тиіс;

2) өтінім беруші немесе өтінім берушімен бірге мәлімделген консорциумға, әріптестікке қатысушылардың кез келгені энергетикалық кәдеге жарату объектісінің құрылысын жүзеге асырса, ол жылына кемінде 8 000 сағат жұмыс істейді;

3) өтінім беруші ұсынған технологияның Еуропалық парламенттің және Еуропалық Одақ Кеңесінің 2010/75/ЕО Директивасына баламалы экологиялық талаптарға сәйкестігі «өнеркәсіптік шығарындылар туралы (ластануды кешенді болдырмау және оны бақылау туралы)»;

4) консорциум немесе әріптестік қатысқан кезде консорциум немесе әріптестік қатысушыларының бірі консорциалдық келісім бойынша негізгі әріптес болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті-занды тұлға болады;

5) өтініш берушінің немесе Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын консорциумға қатысушылардың бірінің мынадай өлшемшарттарға сәйкестігі:

Қазақстан Республикасында қалдықтарды қайта өңдеуде және (немесе) кәдеге жаратуда кемінде 3 жыл тәжірибе;

Қазақстан Республикасында жылына кемінде 30 000 тонна қалдықтарды қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату тәжірибесі;

кешенді полифракциялық құрамдағы қалдықтарды (кемінде бес фракцияны қамтитын) жинау мен кәдеге жаратуды және Қазақстан Республикасында өзі жинаған қалдықтардың жалпы массасынан кәдеге жаратылатын қалдықтар көлемінің кемінде 90% - ын өнімнің кемінде 5 түрін ала отырып, дербес кәдеге жаратуды жүзеге асыру тәжірибесі;

экологиялық аудит жүргізу туралы қорытындының болуы.

11. Өтініш берушілер осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігін растау үшін, сондай-ақ Тізбеге енгізу үшін комиссия мүшелеріне қазақ және орыс тілдерінде электрондық жеткізгіште мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға [1-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша Тізбеге енгізуге өтініш;

2) Қазақстан Республикасының резиденті-өтініш берушіні мемлекеттік тіркеу және (немесе) қайта тіркеу туралы мәліметтер немесе Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын өтініш берушіні тіркеу және (немесе) қайта тіркеу туралы, оның ішінде өтініш берушімен бірге консорциумдардың қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларға қатысты апостиль қойылған мәліметтер;

3) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату технологиясының негізгі сипаттамаларын, оның ішінде шығарындылар мен төгінділер бөлігінде экологиялық талаптарға сәйкестігін;

4) өтініш берушінің немесе өтініш берушімен бірге мәлімделген консорциумға қатысушылардың кез келгенінің кемінде 10 объект салу тәжірибесі және энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдаланудың кемінде 10 жыл тәжірибесі туралы мәліметтер;

5) энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектінің жұмыс істеуі туралы ақпарат жылына кемінде 8 000 сағат;

6) негізгі қатысушылары Қазақстан Республикасының резиденті-занды тұлға болып табылатын консорциумға қатысушылардың (консорциумның қатысуы кезінде) құқықтары мен міндеттерінің аражігін ажырататын консорциалдық келісім;

7) өтініш берушінің немесе Қазақстан Республикасының резиденті-консорциумға қатысушылардың бірінің осы Қағидалардың [10-тармағының 5\) тармақшасында](#) көрсетілген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар;

8) тізбеге енгізуге өтініш берген сәтте өтініш берушіге қатысты банкроттық немесе тарату рәсімдері жүзеге асырылмайтыны туралы кепілдік хат.

Өтініш берушілер құжаттардың түпнұсқаларын немесе құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынады. Түпнұсқалары шет тілінде жазылған құжаттар қазақ және орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасымен қоса беріледі. Электрондық тасымалдағышта ұсынылатын құжаттар бірегей қағаз құжаттардан сканерленген көшірмелер болып табылады. Бастапқыда электрондық түрде қалыптастырылған, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған немесе қол қойылған құжаттар электрондық файлдың атауын қоса алғанда, өзгертуге және (немесе) толықтыруға ұшырамаған түпнұсқа электрондық құжат түрінде қоса беріледі.

12. Комиссия осы Қағидалардың [11-тармағында](#) көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы мәліметтердің толықтығын тексереді.

13. Құжаттар және (немесе) олардағы мәліметтер топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, Комиссия осы Қағидалардың [12-тармағында](#) көрсетілген мерзімде қайтару себептерін көрсете отырып, оларды өтініш берушіге қайтарады.

Құжаттар және (немесе) мәліметтер толық ұсынылған кезде Комиссия оларды күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

14. Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Комиссия осы Қағидалардың [13-тармағында](#) көрсетілген мерзімдер шегінде Өтініш берушінің және оның қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі технологиясының осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы шешім шығарады.

Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Дауыс беру нәтижелері Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады.

Комиссия шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды.

15. Тізбені қалыптастыруды уәкілетті орган Комиссия шешімінің негізінде Экологиялық кодекстің [17-бабының 28-19\) тармақшасына](#) сәйкес бұйрық нысанында жүзеге асырады.

16. Тізбе осы Қағидаларға [2-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша бекітіледі және оны уәкілетті орган бекітеді.

17. Уәкілетті орган тізбені қалыптастырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тізбеге енгізілмеген өтініш берушілерді комиссия қабылдаған шешім туралы себептерін көрсете отырып, еркін нысанда хабардар етеді.

18. Энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу жөніндегі аукциондық сауда-саттыққа қатысушыны Тізбеге енгізу оның қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу жөніндегі аукциондық сауда-саттықтың сауда сессиясына қатысуы үшін негіз болып табылады.

19. Энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу жөніндегі аукциондық сауда-саттыққа қатысушы Тізбеге енгізілген сәттен бастап осы қатысушы қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым мәртебесіне ие болады.

20. Энергия өндіруші ұйымды уәкілетті орган бекітілген тізбеден мынадай жағдайларда алып тастайды:

1) егер қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектінің иесі уәкілетті органға тиісті хат жіберу арқылы жобаны одан әрі іске асырудан бас тартса;

2) жобаны іске асыру мерзімдерінен ауытқу кезінде;

3) егер объектіні салуға арналған бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көзделген аукциондық сауда-саттық жеңімпазының қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату технологиясы энергия өндіруші ұйымды Тізбеге енгізу шеңберінде мәлімделген технологияларға сәйкес келмесе;

4) егер энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектінің иесі Тізбеге енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде аукциондық сауда-саттыққа қатыспаса.

21. Энергия өндіруші ұйымды Тізбеден алып тастау туралы шешімді уәкілетті орган осы Қағидалардың 20-тармағында белгіленген жағдайлардың бірі анықталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

22. Өзекті тізбе тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

23. Уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда өтініш беруші оның әрекеттеріне 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес шағым жасайды.

24. Осы Қағидалардың [23-тармағында](#) көзделген жағдайда тізбені қалыптастыру процесі уәкілетті органның іс-әрекетіне шағым мәні бойынша шешім шығарылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Қалдықтарды энергетикалық кәдеге
жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші
ұйымдар тізбесін қалыптастыру [қағидаларына](#)
1-қосымша

Форма

**Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын
энергия өндіруші ұйымды тізбеге енгізуге өтініш**

Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші
ұйымдар тізбесіне енгізуді сұраймын:

Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

Бірінші басшы: _____

Қолы: _____

Толтырылған күні: 20__ жылғы «__» _____

Қалдықтарды энергетикалық кәдеге
жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші
ұйымдар тізбесін қалыптастыру [қағидаларына](#)
2-қосымша

Форма

**Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші
ұйымдар
тізбесі**

№	Энергия өндіруші ұйымның атауы	Заңды мекенжайы	Байланыс телефоны, электрондық поштасы	Қызмет түрі	Мәлімделген технология (қысқаша сипаттама)